"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасы 010000,
Сарыарқа ауданы, Жеңіс Даңғылы 11

Республиканское государственное учреждение "Комитет внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

Республика Казахстан 010000, район
Сарыарка, Проспект Жеңіс 11

07.06.2024 №ЗТ-2024-04190296

Товарищество с ограниченной
ответственностью "Real Stroy Invest"

На №ЗТ-2024-04190296 от 27 мая 2024 года

«Real Stroy Invest» ЖШС Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (бұдан әрі - Комитет), Сіздің 23.05.2024 жылғы №14220, № 14222, 27.05.2024 жылғы №14305, №14318, №14320 шағымыңызға сәйкес, №11868477-1, №11867081-1, №11869893-1, №11869577-1, №11872758-1, сатып алу бойынша электронды конкурсына байланысты төмендегіні хабарлайды. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 250 және 277 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын жұмыстар нарығында жұмыс тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурстың нысанасы болып табылатын жұмыстардың ұқсас (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бір жыл ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде жұмыстардың ұқсас (ұқсас) түрлері бойынша біреуден көп жұмысты орындаған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (ұқсас) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2%) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер конкурстың мәні автомобиль жолдарын орташа жөндеу жөніндегі жұмыстар болған жағдайда, жұмыс тәжірбиесін растайтын құжаттар болып табылса, орындалған жұмыстар актілерінің тиісті электрондық көшірмелері тасырыс берушілер болып табылатын объектілер бойынша дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысты үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар мемлекетке тиесілі және олармен үлестес заңды тұлғалар болып табылады. «Real Stroy Invest» ЖШС конкурстық өтінімін зерделеу арқылы біліктілік туралы мәліметтерде 2018 жылға (1 объект), 2019 жылға (1 объект), 2023 жылға (12 объект), жұмыс тәжірибесінің бар екендігі туралы растайтын құжаттардың мәліметтері мен көшірмелері мәлімделгені анықталды. Осылайша «Real Stroy Invest» ЖШС конкурстық өтінімінің жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдік 5% құрады. Осыған байланысты Сіздің өтінішіңізде көрсетілген дәлелдер осы бөлімде өз растауын тапты. Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 26-тармағына сәйкес, Жүргізілген сапаны бақылау нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы сапаны бақылау қорытындысын шығарады, ол автоматты түрде веб-портал арқылы тіркеледі және уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің мекенжайына жіберіледі. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі сапаны бақылау қорытындысына сәйкес осындай шешім қабылданған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде: 1) хабарламаның күшін жояды;

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

2) сапаны бақылау қорытындысына сәйкес хабарлама жібереді; 3) хабарламаға өзгерістер (толықтырулар) енгізеді. Осылайша, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті Қағидалардың 26-тармағына сәйкес сапаны бақылау қорытындысына сәйкес хабарлама жіберу қажет. «Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің» 100-бабының 6-тармағына сәйкес шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылы екендігі хабарланады. Төрағаның орынбасары Р. Ахметов

Заместитель председателя **АХМЕТОВ РЕНАД КАЛИДУЛОВИЧ**



Исполнитель

ЖАҒАЛБАЙ ӘЖІБЕК АЛМАСБАЙҰЛЫ

тел.: 7172717334

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.